



Құрылысы қарқын алған шаһардағы әрбір нысанның талапқа сай салынғаны маңызды. Мұны қаладағы бірнеше нысанның басына барып, жай-күйін көзбен көрген облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қадан айтты. Әсіресе, абағандыру жайы күн тәртібінен түспей тұр.

Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ,
облыс әкімі:

**ҚҰРЫЛЫС АЛАҒЫНДАҒЫ
ЖҰМЫС БАҚЫЛАУДА
БОЛУЫ КЕРЕК**



Алдымен жаңа жылу электр орталығының құрылыс алаңына барған аймақ басшысы ондағы жұмыстың қарқындылығын көрді. Мұнда қазір жер қазу аяқталған, жабықты орнатуға негіз қалануда. Алаңға 600-ге жуық адам және 60 техника жұмылдырылған. Жұмыс жоспарға сәйкес жүруде. Нысан 2025 жылы пайдалануға беріледі. «AKSA Energy» түрік компаниясының инвестициясына салынатын жаңа ЖЭО 240МВт электр қуатын өндіре алады. Нысан қазіргі «Қызылорда жылу-электр орталығы» аумағындағы 24,5 гектар жер учаскесінде салынууда.



Мұнан бөлек, сол жағалаудағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасымен бой көтерген мектептің, жеті қабатты тұрғын үйлердің және оқушылар үйінің құрылысы да назардан тыс қалмады. Мәселен, ұлттық жоба бойынша облыста салынатын 12 300 орынға арналған 21 мектептің биыл 10-ы, алдағы жылы 11-і пайдалануға беріледі. Құрылысы басталатын 11 мектептің жер телімдері белгіленіп, «Самұрық-Қазына Констракшн» акционерлік қоғамына наурыз айында табысталды.

– Құрылыс алаңдарындағы жұмыс күнделікті бақылауда болу керек. Сапа бірінші кезекте сұралады, талап етіледі. Жоспарланған жұмыс тиянақты іске асып, белгіленген уақытта аяқталуы тиіс, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Айта кетейік, өңірде осы 2 жылдың өзінде 4 мыңға жуық пәтер беріліп, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Осы жылы бюджеттен тұрғын үй құрылысына және жеке салушылардан дайын пәтерлер сатып алуға 34 млрд 100 млн теңге қаралды. Жыл қорытындысымен 2,5 мыңнан астам пәтер беріледі. Ал заманауи үлгідегі 350 орындық оқушылар сарайы «ҚазГерМұнай» компаниясының демеушілігімен салынууда.

Аймақ басшысы құрылыс сапасы басты назарда болуы керектігін айтып, сала жетекшілеріне тапсырма берді.

«Ақмешіт-ақпарат»

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен шағын өндірістік жобаларды жүзеге асыру бойынша мәжіліс өтті. Жыныға облыс әкімінің орынбасарлары мен жауапты сала басшылары қатысты.

ҰСЫНЫЛҒАН ЖОБАЛАР ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРДЕЛЕНУІ ҚАЖЕТ



Айта кету керек, кешегі жиында аймақ басшысы нақты, пайдалы, қажетті жобаларды жан-жақты сараптан өткізіп барып ұсынуды тапсырды. Өйткені әрбір жобаның артында елдің көретін жемісі мен халыққа қолайлы жағдай жасау мақсаты болу керек.

– Қала, аудан әкімдеріне шағын өндірістік жобаларды ұсыну жөнінде тапсырма берілді. Оларды жан-жақты зерделеп, нақтылаңыздар. Жұртшылықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне қажетті, пайдалы тиімділеріне қолдау көрсетуге дайынбыз. Жобаларды «Ауыл аманаты» бағдарламасымен және «Байқоңыр» ӘКК арқылы қаржыландыру бойынша жұмыс жүргізіңіздер. Бұдан бөлек, қала, аудан әкімдеріне негізгі тұтыну тауарларының 65 түрі бойынша көрсеткіштерді қалпына келтіру жөнінде тапсырма бердім. Бұл тапсырмалардың уақытылы әрі сапалы орындалуы жеке бақылауымда болады, – деді Н.Нәлібаев.

Биылғы «Ауыл аманаты» бойынша республикалық бюджет есебінен 4,6 млрд теңге қаралған. Орта есеппен 8 млн теңгеден алғанда 575 жобаны қаржыландырып, 610 жұмыс орнын ашу көзделген. Жалпы облыс бойынша 154 жобалық топ құрылып, 146 ауылдық округте скрининг жүргізілді.

Бағдарламаға барлық елді мекенді бірдей қатыстыру үшін халық санына қарай ауылдық округтерді түгел қамту жоспарлануда. Ауылдардың мамандануын ескере келе, несие қаржысы 4 бағытқа бағытталады. Атап айтсақ, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласына 108 жоба, егіншілік саласына 81, мал шаруашылығына 123, басқа да түрлі бағытқа 263 жоба бөлінбек.

Бүгінде «Ауыл аманатының» жобалар пулы қалыптасып, қаржыландыру күтілуде.

«Ақмешіт-ақпарат»

ТАҢДАУ МЕН ТАҒДЫР: Бізге «кім» керек?

Мойындау керек, адами капиталдың құнын халық саны емес, білікті маман мен еңбек нарығы анықтайды. Қолында күрестей дипломы бар көп жастың жұмыссыз жүргенін ескерсек, бұл бағытта таңдау мен тағдырды қалаймыз деген сұрақтар туындайды. Шикілік, әрине, мамандық таңдау мен жұмыссыздықтан туындайды.

Таяуда ғаламторда әлеуметтік сауалнама тарайды. Онда халықтан «мамандығыңыз бойынша жұмыс істеп жүрсіз бе?» деген сауал қойылған. Сонда байқағаным, респонденттердің 90 пайызы өзге салада жұмыс істейтінін әрі мамандықты өзі таңдамағанын жасырмай айтқан екен. Демек, Қазақстанда кадр даярлау саясаты мен еңбек нарығында үндестік жоқ деген сөз. Оған қоса шарасыздықтан қаламаған мамандықты игеру үрдісі әлі толастамай отырған секілді.



Түлектердің 40 пайызы мамандық бойынша жұмыс істемейді

Бұл сұраққа пікір екіұдай. Кей ата-ана баласының өзі таңдаған мамандығын игеруіне еркіндік танытса, кейбірі бұған үзілді-кесілді қарсы шығады. Басым дені баланы «ол мамандықта табыс жоқ» деп алшақтатып, сұраныстағы салаға бағыттағысы келетінін білеміз. Нәтижесінде отбасынан қолдау таппаған жас оқушы аяқталар тұста «Қайда барамын, кім боламын?» деген сан сауалға бас қатырғысы келмейді. Өке-шешенің арман еткен мамандығына түсіп, сабақтың өзіне немқұрайды қарайды. Жете білім алмағандан кейінгі жоба белгілі. Көбінде – жұмыссыздық, мамандық ауыстыру, кейбірі – кесіпте.

Әлеуметтанушылар баланың мамандық таңдауына ата-ананың араласуы, әсіресе жалақысы мол жұмысқа

икемдеуі тарих пен нарық талабы екенін айтуда. Яғни ата-ана баласын өзі өткен қиындықты қайталауға әрі табысы көп салаға бұруға тырысады екен. Мәселен, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елде заңгер мен экономист, қаржыгерлер көп ақша тапты. Осының салдарынан ата-аналар балаларын жаппай аталған мамандыққа оқыта бастады. Кейін экономика сипаты өзгерсе де сол қасаң түсінікпен қалған топ әлі де баласын сол мамандықтарға алып бара берді.

Осы орайда BTS Education зерттеу бөлімінің басшысы Бауыржан Әбуов олқылықтың бүгіндей бір салаға көп қиындық әкеліп отырғанын айтып, тақырыпқа қатысты мынадай пікір білдірді:

– «Экономистің оқуын оқысаң жұмыссыз қалмайсың, кейін жақсы ақша табасың» деп балаларын саналы түрде осы мамандықтарға оқыта бастады. Бұл сол кезде қалыптасқан стереотипке айналды. Бұл тұжырымның қате екенін қазір уақыт көрсетіп отыр. Өйткені университетті бітірген заңгер, экономист, қаржыгерлер бірден жұмыс таба алады деген сөз шындыққа жанаспайды. Бірақ, бір қызығы,

аталған мамандықтарды бітіргендер санының көп болуына қарамастан, дәл қазір еңбек нарығында білікті, қабілетті заңгер, қаржыгер, экономист табу өте қиын. Менің бұл сөзімді жұмыс берушілер жокқа шығармайды, – деді BTS Education зерттеу бөлімінің басшысы.

Расында, әлем елдері бойынша Қазақстандағы ЖОО бітірген мамандардың үлесі салыстырмалы түрде төмен. Бізде әрбір үшінші адамның дипломы бар. Негізгі проблема – мамандықтың маңыздылығына мән бермеу. Бүгінде диплом басты рөл атқарып, жұмысты «кейін бірдене кылу» әдетке айналған. Ал ол диплом сандықтың түбінде жатуы мүмкін деген түсінік жоқ.

Айта кетейік, жуырда Ұлттық статистика бюросының «Ақпараттық-талдау жүйесі» мамандығы бойынша жұмыс істемейтін қазақстандықтардың саны 2 млн адамға жуықтағанын айтқан болатын. Тіпті Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің өзі білім беру мекемелеріндегі түлектердің 40 пайызы мамандық бойынша жұмыс істемейтінін жеткізді. Статистика абырбатып тұр.

2-БЕТТЕ

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ҚАЙДА БАРСАҢ ДА, ЖОЛ ЖӨНДЕУ: қала көшелері жаңа кейіпке енуде

Кеше жүрген жолыңмен бүгін жүре қалсаң, алдында тас бұғау. Ар жағында жол компанияларының қызметкерлері қызу тірлікті бастап кеткен. Қызылордадағы бұл көрініске қазір үйренісің те қалдық. Әдепкі кезде күйгелектеніп, «Ай, қап!» деп жататын жүргізушілер қазір «Е, мына көшені де жөндеп жатыр екен» деп кері айналып кете береді. Жаңарып жатқан жолдардың жайын зерттеп, қаладағы осы бағыттағы жұмыстарға бір сәт көз жіберген едік.

2-БЕТТЕ

Биыл құны 2,3 млрд теңге болатын 54 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынууда. Оның ішінде 40 көше қала аумағында болса, Тасбөзет кентіне 6 көше, Белкөл кентіне 1 көше, ал Қарауылтөбе ауылына 7 көше қаралған. Жарықтандыру жайы да назардан тыс қалған жоқ. Биыл 81 көшені жарықтандыруға 1,4 млрд теңге бөлінді. Оның 54 көшесі Қызылорда қаласына бағыттала, Тасбөзеттегі 6 көшеге, Сабалақтағы 15 көшеге, Белкөлдегі 5 көшеге және Ақжарма ауылдық округіндегі 1 көшеге де жарық шамдары орнатылады.



«Ақмешіт-ақпарат»

Жастар жайы да мез емес. Қазақстанда жастардың 21%-ы өз мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Көбі сауда, өнеркәсіп және қызмет көрсету салаларында жүр. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 5 пайыз болып тұр. Мамандар еңбек нарығына шығатын жастардың саны жылдан-жылға артып келе жатқанын айтады. Бұл тұста енді жұмыссыздар мен НЕЕТ санатындағылар көбеюі мүмкін. Сондықтан сарапшылар еңбекке тарту шараларының тиімді-

күзетші, автокөлік жүргізушілері, медбикелер, бала күтушілер мен аспаздар және есепшілер әдеттегідей жоғары сұранысқа ие. Бұл – электрондық еңбек биржасындағы сұраныс.

– Бізде бұл білікті мамандықтар тобына жатпайды. Күзетші болу үшін де сертификат керек. Қазір ауыл шаруашылығы саласында малшы мен егінші және сатушы жетіспейді. Мамыр айының көрсеткіші бойынша 1300 медбикенің жұмыс орны бос тұр. Бұған қоса, 2000

те бұл мезені орындамаса, алдағы 10 жылда еңбек нарығында дүрбелең туатынын сезгендей. ЖОО-да білім берудің жаңа стратегиясын әзірлеп, Университеттер автономиясы туралы заң, «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы, Ғылымды дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы сияқты бағдарламаларды қолға алды.

Өткен жылы ғана Ғылым және жоғары білім вице-министрі Қуаныш Ергалиев

ТАҢДАУ МЕН ТАҒДЫР: Бізге «кім» керек?

лігіне де талдау жүргізуді көздеуде. Мұны БАҚ-қа берген мәліметінде Еңбек ресурстарын дамыту орталығының вице-президенті Шалқар Байқуатов та растады.

– Шаралардың бәрін зерттеп шықтық. Өзіміздің рейтингімізді жасадық. Сол рейтингке сәйкес келетін болсақ, қысқа мерзімді оқыту жұмыс орнында ең тиімді болып тұр. Әлеуметтік жұмыс орындары, жалпы жұмыс орындары, сол шараларды көбейту керек. Үшіншіден, кәсіпкерлік дамыту бағдарламалары, – деді ол.

Тақырып туралы түлектер қауымдастығының басшысы Рамиз Ахмедовтың да ойы да өзекті. Сарапшының пікірінше, университеттер студентті қабылдау сәтінде-ақ мәселеге мән беруі керек.

– Барлығы диплом алуға, мамандығы бойынша екі-үш жыл жұмыс істеуге және мансап құруға тырысады. Бүгінде жастар бәрін бірден қалайды, мансаптық осу сатылары жоспарланбайды. Меніңше, университетте ұзақ уақыт оқып, содан кейін мансап құрғысы келетіндерді және курстардан өтіп, ақша табуға ынталыларды ажырата білу керек. Себебі көбіне гранттарға тек диплом үшін оқытқындар және осы мамандық бойынша жұмыс істемейтіндер түседі. Содан кейін еңбек нарығындағы позициялар ашық қалады, – дейді ол.

КҮЗЕТШІ БОЛУ ҮШІН ДЕ СЕРТИФИКАТ КЕРЕК

Есте болса, жуырда PISA ұйымы қазақстандық жасөспірімдердің ең көп таңдайтын мамандықтарын жариялады. Соның алғашқылары – дәрігерлер мен педагог мамандығы. Таңдаулы мамандықтардың алғашқы ондығына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мамандары да кіреді. Жасөспірімдер жиі таңдау жасайтын жаңа мамандықтардың ондығына стоматолог, тауарлар мен киім дизайнері, ғимараттар мен құрылыстардың сәулетшісі, спорт жаттықтырушысы, нұсқаушы және спорт саласындағы маман, психолог енген. Бұл қатарда косметолог, жарнама және маркетинг, графикалық және мультимедиялық дизайнер де бар.

Алайда нарық сұранысы ала-құла. «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ орталығының Стратегия және талдау басқармасының басшысы Ұлпан Шегенованың айтуынша,

Басы 1-бетте

денсаулық сақтау мекемесінде жұмыс істейтін санитар және т.б маман тапшы болып отыр. Сол сияқты еліміздегі балабақшада бала күтушісі жетіспейді. Олардың саны 2000-ға жуық. Мен атаған мамандықтардың айлығы 100 мың теңге шамасында.

Электрондық еңбек биржасында заңгер мен экономист ретінде жұмысқа орналасқысы келетіндер саны басқа мамандықтармен салыстырғанда көп. Бірақ қазір IT мамандар мен инженерлерге сұраныстың өте жоғары екені ескерілмейді. Әлемдік трендке байланысты Қазақстанда да техникалық мамандықтарға сұраныс жоғары. Еңбек нарығында бұл мамандықтардың жалақысы басқалармен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Алдағы уақытта да сұраныс артпаса, кемімейді. Сондықтан 1-2 жылда оқуға тапсыратын түлектерге осы бағытты таңдауға кеңес береміз, – дейді ол.

Жылда ақпараттық түсіндіру жұмысының қарқынды жүргізілуіне қарамастан заңгер мен экономист мамандығын бітіретіндер саны артып отыр. Соған сәйкес олардың жұмысқа орналасуы жыл сайын қиындай береді екен.

ЖАҢА МАМАНДЫҚ ЖАЙЫ

Тұрақты табысқа қол жеткізу үшін сұранысқа сай маман болу керек. Ол үшін заман талабы, уақыт сұранысын ескермей болмайды. Үкімет

университеттердің кадрлық және зерттеу әлеуетін арттыру басталғанын айтқан еді. Тіпті басқарушылардың жаңа буынын қалыптастыру үшін Сингапур моделіне негізделген дарынды басқару (talent management) саясаты жүзеге асытыны жеткізді.

– Жоғары білім беру жүйесі мен еңбек нарығын одан әрі жақындату үшін алдын ала болжау жүйесін енгізу жоспарлануда. Аймақтағы университеттер әкімдікпен және жергілікті корпоративті сектормен тығыз байланыс орнатады. Осылайша, университеттер әр аймақтың экономикасын дамытуға зор ықпал ете алады. Жалпы, білім беруді дамытуға екі тең тарап – жұмыс берушілер (бизнес) мен академиялық қауымдастық қатысуы керек. Бұл жүйе қажетті білім мен дағдыға ие кадрларды дайындау үшін болжау зерттеулерін қамтамасыз ететін «Мамандығым – болашағым» бағдарламасының негізі болады. Университеттерге өз білім беру бағдарламаларын дамытуға мүмкіндік берілген. Оқу орындарының академиялық еркіндігін одан әрі кеңейту мақсатында жоғары және жоғары оқу орынын кейінгі білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарына өзгерістер енгізілді. Мұндағы өзгерістердің тағы бір артықшылығы – практик-мамандар мен топ-менеджерлерді тарту мүмкіндігінің артуы, – деді вице-министр.

Расында, елімізде алдағы 15-20 жылда 250-ге жуық жаңа мамандық пайда болмақ. Осыған сай, кейбір мамандыққа сұраныс азаятыны аян. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің



мәліметінше, банк қызметкерлері, есепші сияқты мамандықтар алдағы уақытта жойылып кетуі мүмкін. Салдарынан өңдеу өнеркәсібі мен сақтандыру саласының мамандарына да сұраныс азаямақ. Өйткені автоматтандыру нәтижесінде мамандықтың 14 пайызы жойылып, 32 пайызы өзгеріске ұшырайды. Нәтижесінде пилотсыз ұшу аппаратының диспетчері, сандық жобалаушы, «Ақылды үй» жобалаушысы, туристік маршруттардың навигаторын әзірлеуші, блокчейн-технолог сияқты жаңа мамандық пайда болады деген болжам бар.

Жалпы елде сұранысқа ие мамандықтар мемлекеттің ұстанымына қарай өзгеріп отырады. Қазақстанда 2010 жылдан бастап ауыл шаруашылығы саласынан 1,2 миллион адам кетті. Себебі қалалар өсе бастады, өзін-өзі жұмыспен қамту қысқарды, саладағы еңбек өнімділігі артты. Осы уақыт ішінде өнеркәсіптегі жұмыспен қамту көрсеткіші 949 мыңнан 1121 мың адамға дейін өсіп, құрылыста жұмысшылар саны 570 мыңнан 659 мыңға дейін көтерілді. Сондықтан бәрін оналту биліктің өз қолында.

ҚАНДАЙ МАМАНДЫҚ ЖОЙЫЛАДЫ?

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек бірнеше жыл бұрын осы жобаның бастаушысы болғанын білеміз. Сондағысы ЖОО-да оқытылатын мамандықтардың сұранысқа сай болуын қамтамасыз ету еді. «Болашақ» орталығындағы тәжірибе, шетелдік мамандармен байланысы бұл бағытта жүйелі жұмыс керекін сан мәрте дәлелдеп берген болатын. Бүгінде өз алдына бөлек министрлік құрылып, оған жаңа мамандықтарды «желеу еткен» маманның келуі Үкіметтің «естігенін» білдіреді.

Бүгінде жаңа мамандықтарды зерделейтін сарапшылар көбейіп, керекті ақпаратты ұсынууда. Мысалы, елдегі жаңа мамандықтар мен қызметтер атласы негізінде 9 сала басымдыққа ие болған. Олардың ішінде энергетика, тау кен-металлургия кешені, мұнай және газ, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар, туризм, көлік және логистика, машина жөндеу, құрылыс саласы бар.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің пікірінше, 129 мамандық жойылады. Алғаш болып есепшілер азайса, артында есеп жүргізуші мен қоймашылар жұйылуы ықтимал. Кейін өндірісте жүрген аккумуляторшылар, концентратор жасайтын мамандар, кітапханашылар жұмыссыз қалуы мүмкін. Шенеунік мұның себебін автоматтандырылған жүйемен байланыстыруда.

– Елімізде 4500 нотариус бар десек, соншалықты нотариус керек болмай қалады. Қазір Әділет министрлігі автоматтандырылған нотариус жүйесін енгізіп жатыр. Ал онда жұмыс істейтіндер алдағы 4-5 жылда не заңгер, не заң кеңесшісі болуы керек, – дейді министр.

Көбі болашақтың мамандығын IT-мен байланыстырады. Мұның себебі де жоқ емес. IT саласында маман тапшылығына байланысты жақыда да орташа деңгейден жоғары. Бәкеңд әзірлеушінің орташа айлық жалақысы өткен жылы 1,2 млн теңгені, сеньор деңгейін әзірлеушінің орташа айлық жалақысы 1,4 млн теңгені құрайды. Оның үстіне алдағы бесжылдықта жұмыстардың 43 пайызы машиналар арқылы орындалатынын ескерсек, жаңа мамандықтың маңызы артпақ.

Берен ШАҒЫРОВ

ҚАЙДА БАРСАҢ ДА, ЖОЛ ЖӨНДЕУ: қала көшелері жаңа кейіпке енуде

Биыл облыстың бас шаһарында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағыты бойынша 34,8 миллиард теңге қаражат бөлінді. Былтыр бұл көрсеткіш 12 миллиард теңге болатын. Енді биылғы қаржыға 97 көшеге жол құрылысын салу, қайта жаңғырту, күрделі және орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

– Тұрғындар мен қала қонақтарының жүріп-тұруына қолайлы жағдай жасау үшін қалаға кіре беріс жолдарға, оның келбетіне аса мән беріп жатырмыз. Ол үшін әуежай жолы мен Шиеді ауданынан қалаға кіреберіс жолдарды кеңейту жұмыстары жүргізілсе, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ арқылы «Қызылорда-Құмкөл» автомобиль жолын қайта жаңғырту үшін техникалық-экономикалық негіздеме дайындалуда. Сонымен қатар Астана қаласынан кіреберіс – Сағымбаев кө-

шесін қайта жаңғырту үшін жобасметалық құжаттама әзірленуде. Қаланың магистралды Яссауи мен Жаппасбай батыр көшелері кеңейтілуде, – дейді қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай.

Әрине, жол құрылысы қаланың өзекті мәселелерінің бірі болатын. Өйтсе де алты айда атқарылып, ел игілігіне берілген жұмыстар жұртшылықтың оң бағасын алып үлгерген.

– Осы кезеге дейінгі жұмысты айтсақ, Елеу Көшербаев көшесі қайта



жаңғыртылды, ал Н.Назарбаев даңғылына Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылына дейінгі жаңадан жол құрылысының жұмысы да өздеріңіздің көз алдарыңызда. Жалпы айтқанда, 96 көшеге күрделі және 34 көшеге орташа жол жөндеуді. Мақсат та, мүдде де – тұрғындардың сапалы өмір сүруіне қолайлы жағдай туғызу, – дейді әкім орынбасары.

Тактайдай тегіс асфальтта зырғыған көліктер күні кешегі шаңы бұрқырап, айналасы айран-асыр болып жатқан

көріністің жемісі екені анық. Өйтсе де жаяу жүргіншілер жолына келгенде көп жерде сын садағына ілінген тұстар бар. Бүгінде халықтың жүріп-тұруына сапалы жағдай жасауды ойға алған қала басшылығы мұны да ескеріп, мердігерлердің жауапкершілігіне салғаны да есімізде. Қайткен күнде де жаяу жүргіншілер жолы жаңарып, қаланың сәнін келтіріп тұрғанын айту керек.

– Биыл құны 2,3 млрд теңге болатын 54 көшеге жаяу жүргіншілер жолы

салынууда. Оның ішінде 40 көше қала аумағында болса, Тасбөгет кентіне 6 көше, Белкөл кентіне 1 көше, ал Қарауылтөбе ауылына 7 көше қаралған. Жарықтандыру жайы да назардан тыс қалған жоқ. Биыл 81 көшені жарықтандыруға 1,4 млрд теңге бөлінді. Оның 54 көшесі Қызылорда қаласына бағытталса, Тасбөгеттегі 6 көшеге, Сабақтағы 15 көшеге, Белкөлдегі 5 көшеге және Ақжарма ауылдық округіндегі 1 көшеге де жарық шамдары орнатылады, – дейді Г.Еркебай.

Көрікті қала, келбетті өңірге айналып келе жатқан сұлу Сырдың төріндегі – Қызылорда да алдағы уақытта саябақтар да көбейе бермек. Бұрын-соңды назардан тыс қалған свертлер мен аллеялар да қайта жаңғыртылып, тұрғындарға сая болмақ. Мұндай үлгідегі жасыл алаңқайлар қаланың барлық аумағында қолға алынады.

Дәулет ҚЫРДАН,
Суретке түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



Өмірдің белгілі бір кезеңдері артта қалған соң, өткен күндердің елесі ойға оралмай тұрмайды екен. Кеше жиі қарым-қатынаста болған азаматтардың бірі ғана емес, бірегейі, биыл қатарымыздан кеткеніне он жыл толған Садық Хангелдин қолға қалам ұстатып отыр...

СЫРДЫҢ СЫРЛЫ АЗАМАТЫ ЕДІ



Қызылорданың Н.И.Гоголь атындағы педагогикалық институтының тіл-әдебиеті факультетінің 1958 жылғы студенті болған алғашқы күндерден екі курс жоғары оқитын Садық Хангелдинмен танысудың реті келіп, ол кейін достыққа, достығымыз ағалы-інідей жақындыққа ауысқан болатын.

Сәкен филология факультетінің қабырға газетінде редактор, институттың көп тиражды «Педагог» газетінің жауапты хатшысы, әрі шығарушысы, әдебиет үйірмесінің жетекшісі, көркем сөз, драма үйірмелерінің белсенді мүшесі болатын. Сонымен қатар облыс шаруашылықтарына шығып, еңбекшілер алдында студенттердің күшімен қойылған спектакльдер мен концерттерге, түрлі тақырыптағы әңгіме-дәрістер өткізуге қатысып жүрді. Қаладағы М.Мәметова атындағы қыздар педагогикалық училищесінің оқушылары арасындағы әдебиет үйірмесін қамқорлыққа алып, оған әдістемелік, әрі шығармашылық көмек көрсетті. Институтқа дейін екі жылдық еңбек өтілі бар мен факультет студенттерінің кәсіподақ басшысы ретінде бұл жұмыстардан хабардар болдым. Кейде араластым да. Педагогика оқушылары алдында Шыңғыс Айтматовтың «Жамила» повесі туралы арнайы әңгіме де жасаған едім.

1959 жылы үшінші курс студенті бола жүріп Сәкен Қызылорда облыстық радиосының дикторы қызметін атқарды. Осы жұмыста Сыр бойының шығармашы жастарының жұмысына көп көңіл аударды. Облыстық әнші-жыршы жарыстары мен слеттеріне, ақындар айтысын ұйымдастыруға құлшына қатысты. Жас талапкер әнші, жыршы, күйшілер Әскербек Еңкебаев, Төлеу Қосанов, Өтеген Райымбеков, Әбілшә Нысанбаев (Әбуов), Сламбек Сқаков, Көпжасар Дәулетияров, Әбуғали Салманов тағы басқалар жөнінде радиодан концерт-өнеркер берді, республикалық жастар газетіне мақалалар жазды. Туасы өнерге жақын Садықбек Хангелдин кейін облысымыздың атын аспандатқан «Сыр сұлуы» ән-би ансамблімен Алматыға, Мәскеуге барып, ұжымның республикалық, одақтық байқауларында абырой беделге не болуына өзіндік үлес қосқан еді.

Осы көпшілік, өнерсүйгіштік қасиет Сәкенді институт бітірген соң көп ұзамай комсомол жұмысына ежелді. Қызылорда қалалық, облыстық комсомол комитеттерінің хатшысы, Қазақстан комсомолы орталық комитетінде насихат және мәдени-бұқаралық жұмыстар бөлімінің меңгерушісі қызметтерінде азаматтық және өнерсүйгіштік, ақындық және журналистік болмыстары жарқырай көрінді. Оның көз алдында республика жастарының нағыз бұрқырап, қайнаған өмірі өтіп жатты. Шұбартау, Ерейментау, Бескөл аудандық, Теміртау, Кентау, Рудный қалалық жастар ұйымдарының жаңа жұмыс әдістері мен ізденістері, Ыбырай Жақаев, Жазылбек Қуанышбаев, Кәмшат Дөңентаева, Жансұлтан Демеев, Владимир Дитюк, Наталья Геллер сияқты еңбек ерлерінің жарқын үлгілері бүкіл республика жастары арасында қызу қолдау тауып, кең өріс ала, соны насихаттау, жаңа дәстүр мен салт үлгілерін тарату осы бөлімнен бастау алып жататын. Сәкен талай шығармашы жастармен араласты, талайға жақын болды, талайдың тағдырына жолдама берді. Әдебиетіміз бен өнеріміздің талантты өкілдері – Фариза Оңғарсынова, Қалдарбек Найманбаев, Мұхтар Шаханов, Бексұлтан Нұржәкеев, Бейбіт Қойшыбаев, Жарасқан Әбдірашев, Иранбек Оразбаев, Серік Тұрғынбеков т.б. жастардың республикалық штабының тұрақты қамқорлығында болды.

Реті келгенде айта кету керек, кейде саяси сипаты басымдық болған, бірақ жастар арасында жүйелі жұмыс атқарған комсомол ұйымының бай мәдени-көпшілік және сан-салалы идеялық-тәрбие жұмыстарын еске түсіргіміз келмейді. Бұл есте дұрыс емес. Жарқын істерге есте көз жұмуға болмайды. Бүгінгі күні жастар арасындағы тірліктің бағыт-бағдарының әлі толық айқындала қоймағанын, жүйелі жұмыстың жоқтығын көріп, кейде кешегі кезді еріксіз еске түсіреміз. Бұл – есте өткенді аңсағандық емес, бүгінгінің кейде толымсыздығынан туған көңіл күйі. Тарихтан тағылым алған ел де, адам да ұтады.

Садықбек Хангелдин 1974-1991 жылдары Қазақстан Компартиясы орталық комитетінде, Қазақ ССР Халықтық бақылау және Қазақстан Мемлекеттік телерадио комитеттерінде басшы қызметтерде болып, өзінің азаматтық та, қайраткерлік қасиетін көрсете білді.

Әр адамның өмірде өзіндік таным «терезесі» болады. Ол сол өзіншік терезесінен өмір, қоғам туралы толғанады, дүниеге зер салады, ойдан түйін түйеді. Сәкеннің таным «терезесі» кең де ашық болатын, сондықтан ол басқалардан көбірек және айқын көретін, өзгелерден тереңірек түсінетін, молырақ ұғынатын. Оның үстіне ақынжанды адамның ойлау, түйсінуге қабілеті ерекше ғой. Оны кез келгеніміз түсіне бермейміз. Сәкен қай салаға қалам тартса да, жорғалай жөнелетін, оқ бойы алда жүретін, жеткізбей кететін. Алайда ақындық қабілетін жете пайдаланып, өлең өнеріне барын сала алмады. Оның жан-жақтылығы, қазақ айта беретіндей бір сырлы, сан қырлы болуы оны жоғарыда айтқанымыздай, комсомол, партия, мемлекеттік жұмыстарға алып келді де, оған 30 жылдан астам жастық жалаңы да, кемел кездерін арнады. Сондықтан ол күнделікті қауырты қызметтен уақыт «ұрлап» қана өлең жолдарымен табысып отырды. Қанша шебер жүзгіш болғанымен тағдыр маңдайына колден басқаны жазбағандай құбылыс болды. Теңізге түсе алмады. Сол себепті

бала күнінен серік еткен өлеңі алдында тұрақты бола алмаған ақынның төмендегідей көңіл күйін, саналы сезімін, ашық та адал пейілін, кішірейіп бас июін түсінуге болады:

Кешір, Өлең!
Айыптымын алдында!
Жоқ, аяма, қайта мені сал мұңға.
Кештеу келіп, ерте кеттім қоштаспай –
Кім біледі – жағырап та қалдың ба?
Кешір, Өлең!
Бір лап етіп жандым да,
Лаулай алмай обалына қалдым ба?
Ғашықпын деп жылап жүріп,
Оралмай, кеткен қыздай
Сені азапқа салдым ба?

Әдебиет пен өнер саласында Садықбек Хангелдин өлеңмен ғана шектелген жоқ, әңгіме, очерк, әдеби зерттеу, рецензиялар мен мақалалар жазды. Ол «Махамбет жырларындағы Исатай бейнесі», «Абай және Лермонтов», «Илияс Жансүгіровтың жанашылдығы», Қасым Тоғызбақтың «Сібір Омары», «Баспасөз бетіндегі тұрақты сөз тіркестері» және басқа зерттеулерімен қатар Асқар Тоқмағанбетов, Айтбай Хангелдин, Әбілда Тәжібаев, Зейнолла Шүкіров, Иранбек Оразбаев, Әнуарбек Дүйсембиев, Азат Алтаев, Саид Баязитов, Тұрсынзада Есімжанов, Қалаубек Тұрсынқұлов, Әли Ысқабаев, Нұрхан Жанаев сияқты қаламгерлердің шығармашылығы жайлы мақалалары; Даргомыжский мен Қалдаяқовтың, Жандарбекова мен Ералиеваның және басқа әнші-күйшілердің өмірі мен өнері жайлы очерктері; көрнекті қоғам қайраткерлері Міржақып Дулатұлы, Өзбекәлі Жәнібеков, Аманша Ақбаев жайлы естелік, эсселері; тәуелсіздік тұсында ел басына орнаған қоғамдық, саяси-әлеуметтік, мәдени ахуалға қалам тартқан публицист те болатын.

Қандай бір өнер болсын, тұрақты да шынайы махаббатты қажет етеді ғой. Мен Абай түсінігіндегі үлкен махаббатты айтып отырмын. Поэзия да солай, жан-жаққа алаңдауды ұнатпайды. Өйткені өнер – қасиетті дүние, құдіретті күш. Сондықтан Сәкеннің «Әннің келтіре алмай күнде ырғағын, Сезіп-ақ ашы тердің жұрмін дәмін» деуі заңдылық. Алайда Сәкен зейнеткерлікке шыққаннан кейін тұрақты жансерігі ете алмаған ескі досымен қайта қауышты:

Келдім қайтып –
Мын қайғымен алысып.
Саған деген сағынышпен жарысып.
Бұлбұл қонып,
Құшағыма Күн кірді –
Өзіңменен бүгін қайта табысып.

Ақын жаны әдетте ізгілікті сүйеді. Оның жүрегі Отан деп соғалды, шабыты халқым деп қанат қағалды. Оған елінің тыныштығы мен бірлігінен артық ардақты, қасиетті дүние жоқ. Сондықтан Сәкен сезім пернелерін осыған арнады, осыны биіктетті, осыны жыр етті, осыны ақындығының басты мұраты санады. Ақынның:

Мен тілеймін таңым күліп атса деп,
Тау мен Дала ән тербетіп жатса деп.
Қабак шығпай бір-біріне адамдар,
Достық нұрын Күн жамылғып батса, – деп

жырлауын оқырған түсінеді, тілегіне тілек қосауға ұмтылады. Бүгінгі тәуелсіз еліміздің асыл мұраттары да, ертені де, оны тұғырлы ететін құдіретті күштер де осында, бірлікте, бір Отан деген тірлікте жатыр емес пе, ағайын!?

Садықбек Молдашұлы өз шығармаларында туған жер – Отанна деген ыстық сезімін, табиғат сұлулығын, жас ұрпақты бабалар өнегесіне, еңбекке баулуды, ұлттар арасындағы бұлжымас ынтымақты, жастардың бойындағы жалаңды жігер, ұшқыр қиял, асқақ арман, өрттегі махаббаты паш етті.

Сәкен азаматтық та, қайраткерлік те қасиетін абыроймен атқарған, шын мәнісіндегі, кісілік келбеті болымды да толымды жан еді. Бұған қолыма Сәкеннің «Қоңыр күз» деген 2008 жылы шыққан кітабын алып, тағы да көзімді жеткіздім. Ол – Қазақстан жазушылар Одағының мүшесі, ақын ретінде 11 өлеңдер жинағының, 9 публицистикалық кітаптардың, еліміздің сол кездегі жиырмалдан астам мерзімді басылымының авторы.

Садықбек Хангелдин өмірде ең бірінші азамат болды. Сәкен ақын болды, халқына жақын болды, оның рухани дүниесіне өзіндік үлес қосты. Қайраткер болды. Жаза да алатын, сөйлей де алатын, өз ақыл-парасаты өзіне жетіп артылатын, біреудің жазып бергенін оқитын емес, өзі жазбай құмары қанбайтын қайраткер болды.

Адам баласының бар қыр-сырын тану мүмкін емес. Нобель сыйлығының иегері Алексис Каррель өзінің бір кітабын «Адам – бұл бейтаныс» деп тегіннен-тегін атымаған шығар. Шынында да, жүздеген ойшылдар Адам феноменінің сырына кілт таба алмай келеді, алда да толық таба да алмайтын шығар. Мен де кеше өмірімнің басым жылдарын Сәкенмен қатар жүріп, талай сыр, байқамаған дүниелерім жоқ деп айта алмаймын. Алайда оның азамат ретінде адалдықты ту еткеніне, ақын ретінде әділеттілікті жыр еткеніне толық кепілдік бере аламын.

Әбдіжәлел БӨКІР,
саяси ғылымдар докторы, профессор

ӘДІЛБЕКТІҢ ӘЛЕМІНДЕГІ ЖҮЛТ МҮДДЕСІ

Ол алысқа көз тастады. Кеудесін мақтаныш сезімі кернеп «Халықаралық жарыстарға балаларды апардық. Сонда маған Дағыстанның бапкерлері «Әділбек, кармакчинский да, кармакчинский» деп ризашылығын білдіріп тұратын. Бірақ мен балалардың киіміне Қармакшы деп жазбадым, Қызылорда, оның ар жағында Қазақстан екені белгілі ғой» деп күлді. Сол уақытта оның өз ісін қаншалықты сүйген адам екенін тану қиын емес еді... Спортты серіпін алған Қармакшы топырағында Әділбек Серікбаевтың салған ізі жарқырап, сүрлеу болып тұр. Өзі болмаса да, ізінде жүздеген, тіпті мыңдаған шәкірттері бар.

Бірде Әділбек Серікбаев палуандарды жаратып, халықаралық спорттың сайысқа енді аттанайын деп тұрғанда оның жақыны өмірден өтеді. Сонда не істерін білмей, есенірген қалған бапкерге ауыл ақсақалдары ақыл айтыпты.

– Әділбек, – дейді қария тағына сүйеніп тұрып. Сен мұнда жетім емессің. Бауырларың, мына бір қауым ел бауырымызды соңғы сапарына шығарып саламыз. Сенің мойыңда бір үйдің емес, бір елдің жүгі бар. Ол жүк – мына балаларды аман-есен жарысқа апарып, ел қоржынына жеңіс алып келу. Сен бармасаң, мына балалар ол жақта жетім болып, жанарлары жәутендеп қалады. Кімге сенеді? Жолыңнан қалма, – деген екен.

Ол үшін елдің аманаты қай кезеңде де алдыңғы орында тұратын. Сол жолы Қазақстан құрамасын алтынмен аптап, күміспен қаптап қойғаны да есте. Ол бір отбасының ғана емес, алты Алаштың бауырындағы бала еді...

Әділбек жайлы әңгіме көп. Әкешесі де әріні ойлайтын, елдің ертеңін уайымдайтын сондай елжанды болған екен. «Алма ағашынан алыс түспейді» деген бар. Олардан алған тәлім-тәрбие де Әділбек Үргенішбайұлын ұшпаққа шығармағанда қайтсын!?

– Әкем мен шешем мені қолдады. Бірде балаларды жарысқа апаруға қаражат керек болды. Ол уақытта қаржы мәселесі тым қиын болатын. Әкем қорадағы жалғыз бұзаулы сиырды жетектеп алып шықты да, «балам, ұнжырған түспесің. Бұл балалардың жолынан ешнәрсені аяма. Сені елге танытатын да, еңбегіңді жандыратын да осы балалар» деп, қолыма ұстатты. Сол сиырды сатып, жарысқа барғанда да әкемің үмітім ақтамай келмеймін деп жүретімін. Сіз оны айтсаңыз, әкем мен шешем зейнетақысың да осы жолға



Арман дегеніңіз алдымен мақсатқа айналады, сосын орындалады екен ғой. Бастысы, әрекет ете беру керек, кездескен қиындыққа мойымай, шыңдала беру керек. Біздің жігіттер ешқандай қиындықтан қорықпайды. Қарсыласын мысы басып тұрады. Осы аудандан қанатын қатайтып, облысқа, әрі қарай республикаға жіберемін. Міне, менің шәкірттерім жер-жерде Қазақстанның даңқын асқатқаны жүр. Мен үшін мұнан асқан биіктік жоқ, – деген еді өмірін спортқа арнаған жан.

Жүз шайыр шыққан киелі өңірді, жүз спорт шебері шыққан балуандар өлкесіне айналдырған алыптың Мақсат Исағабұлы, Еламан Ергалиевтей шәкірттері «Қазақстан барысы» атанып, республика бойынша Сырдың абыройын асқатқаны. Осыдан-ақ оның алған асуы мен бағындырған белесін байқай беруге болар...



салып жіберген кездер болды. Бірақ ешқашан оның қайтарымын сұраған емес. «Елге жеңіс әкелсе, болды. Басқасы керек емес» деп отыратын олар, – деп күрсінген сол кеште.

Аудандық газетте еңбек ете жүріп, осындай тұлғалармен әңгіме-дүкен құрып, өмір мектебіндегі сабақтарын санама сіңіру – маңдайыма жазылған бақ шығар?! Сол бір сұхбаттасудың ішінде санамда қалған талай ойлардың бірнешеуі ғана елі бүл.

Оның бесаспаптығын бүкіл аудан жұртшылығы біледі. Қазақтың қанында қандай өнер болса, соның әрбірін өз бойына сыйдыра алған тұлғаның тазы ит асырайтыны да бар. «Қайда бардың?» деген біреуге «Әділбек Серікбаевқа» деп жауап берсең, «Маңдайыма жазылған бақ шығар?!» деп сұрайтыны заңдылық. Оған қанша уақыт, қаншалықты күтім керек болса да, уақыт тауып, атсалысып жүреді.

– Інім-ау, тазы ит дегенің уақытылы жүгіріп, аңға шығып тұрмаса ана бойындағы бұла күш, жүйріктік пен ептілік қалтаңа қып-қызыл шығын болып түседі. Ол қалай деуің бар ма, бұларды өз уақытынан кештеу жүгіртіп қойып, бірнеше мәрте өрістегі қойларды қиып өтті. Біреуімен тоқтамайды, бірнешеуін тамақтап өтеді бірден. Содан мен өзім уақытымды балаға бөлемін бе, жоқ тазыларға арнаймын ба, түсінбей қалдым, – дейді «батыр аңғал келедіні» аңғартып.

Әділбек Үргенішбайұлы қамшының сабынан да қысқа құмырында 30-дан астам халықаралық дәрежедегі спорт шеберін, 100-ден аса спорт шебері мен бірнеше Әлем және Азия чемпионын тәрбиеледі. Алдына келген сары ауыз балапандарды қияда қанат қакқан қыранға айналдырды. Тынбады. Еңбектене түсті. Ол жолда жалқаулықты жанына қас қылды.

– Қармакшыны жүз шайыр шыққан өлке деп айтады ғой. Менің арманым – 100 спорт шеберін шығару еді. Ол арманға да жеттім.

– Менің алдыма тіпті көрші аудандардан да жас балаларды алып келіп жатады. Әріптестерім «Әділбек, сенің жаттықтырғаныңды қалаймыз» деп, өздері ұсынады. Сонда мен бір ғана талап қоятынмын. «Мен дайындаймын, қашан аяғыңнан тұрып кетемін дегенше, Қармакшының атынан шығасың» деймін. Міне, кейде балуандардың арасынан менің шәкірттерімді нақты қай аудандан шыққанын білмей, жұрттың қатты ойланатыны да сондықтан, – деді аузында әзілі жүрген Әділбек.

Бүгінде ауданда Әділбек Серікбаевты еске алуға арналған самбодан республикалық турнир ұйымдастырылып жүр. Биыл төртінші мәрте ұйымдастырылған байрақты бәсекеге Алтай мен Атырау арасынан асып түсіп, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан мемлекеттерінен де қапқақ жауырын, апайтөс балуандар келіп бақ сынасты. Жыл сайын деңгейінің көтеріліп келе жатқаны да көңіл қуантады.

Қазақта «Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген керемет сөз бар. Бүгінде Әділбек Үргенішбайұлының баласы Айбек Серікбай дүбірлі додаларды бақ сынасып, әкесінің данқын асқатқаны жүр. Өткен жылы ғана ол «Сыр барысы» атанды. Одан бері де талай сында сүрінбей, жауырыны жерге тимей жүр. Әкенің жолын өзіне бойтұмар санаған серігі қайсыбір сәтте де туған елдің алдындағы перзенттік ұрызын орындай түспек...

Әрбір спортшының артында тұтас ұлт бар. Сол елдің еңсесінің тік болуы да, данқынның тасып, абыройының асып тұруы да спортшының көрсеткен нәтижесіне байланысты. Міне, әрбір әрекеттің астарында ұлттық мүдде мен ұлттық ұстаным тұрғанда ғана еңбектің жемісін ел көреді. Әділбектің әлеміндегі осы бір ұстаным ұрпағына да жұғысты болғаны қуантады...

Дәулет ҚЫРДАН

Бейбітжан ҚОБЛАНОВ,

Ұлттық жекпе-жектер ҚР, Әлем және Азия чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, «ОРДА.ЖС» белдігінің иесі, жаттықтырушы:

ТАБЫСТЫ СПОРТШЫ БОЛУ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК КЕРЕК

Әлемде Олимпиада ойындары бүгінде қызу талқылануда. Спортшылардың Олимпиада ойындарындағы жетістігі – бала кезден дайындығының нәтижесі. Қай спорт түрі болсын, жеңіске жету көп жылғы қажырлы еңбекті, күнделікті жаттығуларды орындап, үзбей дайындалуды талап етеді. Бүгінде балалар мен жасөспірімдерге түрлі спорт секциялары және әр баланың қызығушылығы мен қабілетіне сай таңдауға мүмкіндік мол. Жекпе-жек үйірмесінің жаттықтырушысы Бейбітжан Қобланов таланти жастарды спортқа тәрбиелеп келеді.

– Спортта жетістікке жету еңбек пен табандылықты қажет етеді. Мен жетекшілік ететін үйірмеде балалар мен жасөспірімдер спортқа, әсіресе аралас жекпе-жекке ерекше қызығушылық танытады. Оқушыларыма үйірмеде панкратион, ММА, аралас жекпе-жек, ұлттық жекпе-жек жалпы барлығы қамтылып үйретіледі. Бұл тек дене күшін ғана емес, сонымен қатар тактикалық ойлауды, реакция жылдамдығын дамытады. Менің шәкірттерім осы спорт түрлерінің барлығына қатысып, жүлделі орындар иеленуде. Олардың арасында Қазақстан чемпиондары бар. Сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы жүлдегерлер, 12 жасқа дейінгі балалардың арасындағы өткізілген долларлар қазірдің өзінде жақсы нәтиже көрсетіп, республикалық деңгейде чемпиондық атағын жеңіп алған оқушыларым бар. Жасөспірімдер де өз кезегінде ересек спортшылармен бір деңгейге қатысып, жарыстарда жоғары дайындығын танытып, қалыспайды. Жасөспірімдер арасындағы ең айтулы жетістіктердің бірі – оқушының Әлем чемпионатының қола жүлдегері атануы, – дейді Ұлттық жекпе-жектер ҚР, Әлем және Азия чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері Бейбітжан Қобланов.

Жаттықтырушы чемпиондық рухты ояту үшін тек жүйелі түрде жаттығу ғана емес, қиындықтарды жеңе білу, қателіктерінен сабақ алу маңызды екенін айтты. Оның айтуынша, ұлттық және аралас жекпе-жек тек спорт ғана емес, мінез-құлқты қалыптастыруға көмектеседі. Жаттығу кезінде балалар кез келген спортты, әсіресе жекпе-жек өнерінің ажырама бөлігі – тез шешім қабылдау және түрлі жағдайға бейімделуді үйренеді.

– Тәрбие – тал бесіктен. Спортқа баулу үйден басталу керек. Баланы жастайынан онлайн ойындарға, гаджеттерге емес, салауатты өмір салтына үйрету керек. Отбасымен жаяу жүріп,

серуенге шығып, ата-анасымен жаттығулар орындап, спортқа дағдылану қажет. Сол кезде спортқа қызығушылық артады. Спортқа баулу үшін бала кезінен спорттық жалпыстарға, мысалы футбол, бокстан, күрестен жарыс қай бағытта баланы дамытқысы келсе, сол спорт түрі барынша ақпарат беріп, қызықтырып отыру керек. Жетістік тек медаль мен атақ емес. Ол әрбір жаттығуына, әр жекпе-жекке, спорттық сапарының әрбір сәтіне жұмсаған қажырлы еңбегінің, мызғымас ерік-жігерінің және шексіз еңбегінің көрінісі. Табысты спортшы болу үшін жауапкершілік керек. Бұл қасиет болса, жаттығуға үзбей қатысады, салмағын бақылайды. Спортшы болған соң жаман әдеттерден аулақ болу керек, өзін жағымсыз әрекеттерден сақтауы да маңызды. Бала отбасының қолдауын, бапкерінің артқан үмітін, күнделікті беріп жатқан жаттығуларының қаншалықты маңызды екенін сезіне алған кезде ғана табысты спортшы бола алады. Тек жеңіске жетуді ғана емес, сонымен бірге жеңуді, әрбір сайыстан тәжірибе алуға үйрену керек. Спорт жолында жеңіс те, жеңілістің ашы дәмі де болады, бірақ бұл сәттердің әрқайсысы жеңіске деген рух пен ерік-жігерді шыңдайды. Менің шәкірттерім жай ғана спортшылар емес, олар шабыт, үлгі-өнеге, ерік-жігер мен еңбектің кез келген кедергіні жеңе алатынын біледі. Шәкірттеріме спорт залда өткізген әрбір күн, әрбір тамшы тер, әрбір соққы және әр қимыл – болашақтағы жетістіктерінің негізі екенін айтамын, – дейді Бейбітжан Әмірханұлы.

Жаттықтырушы спорттағы жетістік балалық шақтан, спорттық ойындарға қызығушылық пен жеңіске деген ұмтылыстан басталатынын айтады. – Балаларды спорт үйірмесіне сегіз жасқа бастап қабылдайды, бірақ спортқа ерекше қызығушылық танытып, спортпен айналыса деген балаларды алты жасқа бастап қабылдауға дайынмын. Спорттық үйірмеге ерте жаста



катысқысы келетін балалар көбінесе ерекше қызығушылығы, жеңіске деген ұмтылысы байқалады, бұл олардың болашақ жетістігінің кепілі. Ата-анасының талабы бойынша спорттық үйірмеде балалар да бар. Өкінішке қарай, мұндай балалар спортқа қызығушылық танытпай, жаттығуларды тез ұмытып қалады. Бүгін жана жаттығуларды өтсе де, есте қалмайды. Жаттықтырушы ретінде міндетім тек білім беру ғана емес, сонымен қатар әр баланың спортқа деген талпынысы мен қызығушылығын оятуға көмектесу. Спорт залға ата-ананың жетектеуімен емес, өзі қызығып, көзі жайнап келетін бала жетістікке жететіні белгілі. Сондықтан біз әр баланың назарын аударып, оның бойында спортқа деген қызығушылығын оятып, өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қолдау үшін үнемі жаңа әдістерді іздейміз. Үйірмеге қатысатын әрбір бала өзі жақсы көретін спортқа өсіп, дамып, жана белестерді бағындыратындай жағдай жасауға тырысамын, – дейді ол.

Жаттықтырушының айтуынша, үйірмеге қатысушы балалар арасынан болашақ чемпионды байқау қиын емес. Мұндай балалар

жаттығуларға үзбей қатысып, ата-ананың да, жаттықтырушының да айтқанын тура орындайды.

– Бірнеше айдың ішінде баланың спортқа қызығушылық танытып, жарыстарға қатысу дайындығын байқаймын. Бала өзінің спорттық дайындығын белгілі бір уақыт аралығында көрсетеді. Әдетте, үш айдан алты айға дейін баланың бәсекеге қаншалықты дайын екендігі және оның қандай мықты және күшті жақтары бар екені белгілі болады. Дегенмен жаттығуға тұрақты келмейтін балалар да бар. Өкінішке қарай, бұл балалар жарыстарға қатысуға қажетті дайындығы болмайды. Әр бала табандылық танытса, жеңіске ұмтылса жетістікке жете алады деп есептеймін, – дейді Бейбітжан Әмірханұлы.

Табаң ет, маңдай терін төгіп, шәкірт тәрбиелеп жүрген бапкердің мақсаты айқын. Қазақтың данқын асырып, абыройын асқақтаудағы жоспары да мол.

– 2022 жылы облыстық жастар орталығында жаттықтырушы болдым. Бапкер болсам да, өзім әлі де спорттық жарыстарға,

түрлі чемпионаттар мен лигаларға қатысып, әлем және Азия чемпионаттарында жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүрмін. Жаттықтырушы жолын таңдаған себебім өз білімім мен тәжірибемді өскелең ұрпаққа үйретіп, өзін сияқты спортқа үлкен жетістікке жететін шәкірттерді тәрбиелегім келді. Қаламызда қазірдің өзінде үш жаттығу залы бар, спортпен айналысам деген жастарға есігіміз әрдайым ашық. Жастардың салауатты өмір салтын ұстану мен спортпен айналысу мүмкіндігін арттыру үшін тағы бір жаттығу залын ашуды жоспарлап отырмыз. Біз болашақ чемпиондарды ғана емес, дені сау ұрпақ та тәрбиелейміз деп сенемін. Шәкірттеріміз физикалық ғана емес, рухани жағынан да шыңдалып жатқанын, қиындықтарды жеңіп, мақсатқа жеткенін көру – мен үшін баға жетпес бақыт, – дейді Ұлттық жекпе-жектер ҚР, Әлем және Азия чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері.

София
ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ...



Инжугүл

Қалт-құлт еткен қос қария
Келді сотқа жүгіне.
Мұңлы жүзді кейінамыз
Қинап өзін, сөйлеп кетті күйіне.
– Ажырасамын селт етпейтін,
сүмелекпен тап бүгін,
Елу жылдық өмірімнің шаттығын
Сарп етіпін, пірім көріп сыйынып.
...Сәл тыныстап, басып алып аптығын
– Инжугүлі ең әдемі,
Ажары еді бақшаның.
Тамашалап қараушы едім,
Гүл қауызын ашқаның.
Сырласушы ем, мұңымды айтып,
Аялаушы ем, қажет етпей басқаны.
Жүрегінің дүппілі мен сезім қылын
шертті де,
Бағбан жігіт сыйға тартты «дертті» қып.
Қос жүректі табыстырған осы гүл,
Осы жігіт, қауашаққа екіртіп...

Вена кеші... Қала жым-жырт. Қыс еді...

«...арша боп бүгіліп арқасы
Пісіріп балықтың сорпасын,
Аузыма тосатын.

Ал өзі мүжітін шабақтың қаңқасын.

– Мен – тоқпын,

Жалған сөз, білемін», – дейді Ана атты жаны асыл тұлғаның болмысын айшықтап бір өлеңінде.

Жүрек төрінен жарып шыққан әрбір өлеңнің бір шумағы өмірдің бір күні іспетті. Өлеңді өмір дейтіміз де содан шығар... Адамның жан дүниесіндегі көркем ойлар қағаз бетіне түскенде әрбірі бір тағдырдың, өзіне бір өмір жолының иесіне айналады. Газетіміздің тұрақты оқырманы, білім саласының ардагері Зайра Мамырованың қаламынан туған өлеңдерді назарыңызға ұсынып отырмыз, ойлы оқырман!

Күнде түнде суарушы ем, солдырмай,
Оянбаптың, мендеп бүгін көрілік,
Бітті шыдам, жылытып келген тоңдырмай
Елу жылда бірде-бір рет тұрмаған,
Тәтті ұйқымды ұрлаған,
Мұндай жанмен күн кешу де азап қой,
– Төрелігін берерсіздер,
Тыңдаған –

...Осы кезде тыныштықты жарып үн
Сөйлеп кетті, қарттың үні қарлығып.
Күмбірледі, лықсып сыртқа күй болып,
Жалқындады шырақ-сырдың жарығы.
– Әсем еді Инжугүлдей аяулым,
Қабағына түспесе деп, қаяу-мұң,
Бағушы едім, сырттай сүйіп, үздігіп,
Ол тұрғанда мен де серек, ояуым.
Оның әрбір қимылынан сән көріп,
Сәл түйілген қабағынан таң көріп,
Аққу мойны илетін гүліне
Сүйрік саусақ су себетін жан беріп.
Иә, елу жыл.
Уақыт неткен тез еді.
Сырды ашағын келді бүгін кезегім.
– Есімде ме, бебеуледің тына алмай,
Басыңды да онды-солға бұра алмай,
Омыртқаның мойын түсі мүжілген.
Жата алмадың, не болғанын біле алмай.

Дәрігерің маған міндет, жүк артып,
Оятуға, түнде гүлді суартып.
«Сонда бәрі келеді», – деп – Орнына»,
Көндім, білдім, шығарыңды кінә артып.
Сен жатқан соң суын төгіп Инжудің,
Суғаруға болмайтынын білдіргім
келмен еді...

Сен елу жыл мәпелеп, өбектесен,
мен «бүлдірдім».
Құпиясы осы ғана ісімнің,
– деді де қарт Инжугүлің ұсынды.
Жанарыңда шық тұрған
сүйіктісі түсінді.

Моцарт. Кәрі аспаздың құпиясы

(К.Паустовскийден)

Вена кеші.
Қала жым-жырт.
Қыс еді...
Шеген ағаш өсіп тұрған түс еді...
Бұлдыр тартқан түнгі мұнар ішінде
Жас бейтаныс шет жағалап түседі,
Жалғыз аяқ сүрлеу жолға алдында.

Бақтың іші.
Жапайрайған ағаш үйі шалдың да.
Соғып жатты соңғы сәті байғыстың
Арыздасып, мұң шағар жок жан мұнда.
Мариясын жұмсап сыртқа, табыстап,
– Әкел, – деді, – Кетпе, бірақ алыстап.
Арым таза болса, – деп ем.

– Хақ өлімің алдында,
Тыңдар біреу, бар, ұста!
... Бір әуенді келе жатқан ыңылдап,
Құлағыңда тұрып қалған шыңылдап,
– Тыңданышы, өтінішін ақырғы
Әкешімнің, – деген даусын
құлындап,
Бойжеткеннің тыңдады да аялдап,
Соқыр қарттың айтқан сөзін баяндап,
Өкінішін естіп болып,
Берді сұрақ бірнеше:

– Алтын тостақ, тимесе егер пайдасы
Мартаныңа, кімдер кінә қоя алмақ?
Ұрылық емес, ізгі жанның ерлігі.
Үрейінді махаббатқа жеңдіріп,
Иоганн Мейер, арын таза,
Тұқ ханның алдында.
Еш кінә жоқ, – деді шалды сендіріп.
– Әмин, – деді қария да құбірлеп.
Таң да ақырын атып келеді (і) сібірлеп.
– Жарайды, – деді жас бейтаныс
сілкініп,
– Жарайды (ы), – деді өз-өзіне дігірлеп.
Күйсандықтың ашып сырлы қақпағын.
Сыңғыр үнге, әуенге әсем қас-қағым,
Толтырғандай үйдің ішін аралап,
Бақ ішімен кетті кезіп аспаным.
Ғажап сазды елтіп тыңдап, ес кете,
Жас Мартасы кеп кіргендей кештете,
Соқыр қарттың көкірек көзі ашылып,
Елестеді жастық шақтың кестесі.
Түс көргендей тәтті дәмін тамсады,
Ауды шалдың жұмбақ жаңға ансары.
– Мен өле алман есімді білмесем, –
деді шықканып,
Соңғы күшпен жан салып.

– Құтқарушы, періште ме, кімсің сен?
Кететіндей күш құйылып, сілкінесем
Армансызбын, – деді де қарт
шаттанып,
– Болар күн, күрсінсем...
– Моцарт Вольфганг Амадей.
Жанарыңда шырақ-сәуле жанады.
Бозаң тартқан бөлме ішінде сұлбасы
Ақырғы рет соқыр қартқа қарды.
– Моцарт, – деді мыңғыған жымиып,
– Моцарт, – деді Мария да қиылып.
Моцарт! Моцарт!
Тәңірінің сыйы ғып
Жолықтырған соқыр қартқа
бұйырып...

Жалған сөз

Анашым,
Қақ жарып қанасын
Мен келдім өмірге таласып.
Талпынған қар гүлі секілді
Шамасы, мен – адам, ол – Жердің
баласы.
Анашым,
Мен едім қарасы.
Ол – жалғыз жанашыр
Бұл жалған өмірде
Жүрегің қарасып.
Арша боп бүгіліп арқасы
Пісіріп балықтың сорпасын,
Аузыма тосатын.
Ал өзі мүжітін шабақтың қаңқасын.
– Мен – тоқпын,
Жалған сөз, білемін.
Сезеді жүрегің.
Алдайтқан осылай үнемі.
Түнімен іс тігіп,
Бүкшініп,
Отырған анамды көрер ем
Түксініп.
– Көзіңнің шырымын алсаңшы,
– Ұйықтадым азырақ, күш жиып.

Жалған сөз тағы да
Жеріңен қағынан.
Тірнектеп тынбайтың,
Балаушы еді (і) баласын бағына.
...Өтіпті жылдар да осылай
Мектепте оқып жасымай.
Сынақты тапсырып шыққанда,
Анашым таяды қасыма.
– Құлыным, ішіп ал, шайынды,
Шаршаған шығарсың,
Жайыңды білемін.
Кеберсіп тұрса да еріні,
Қабарып гүл-өні
– Мені шөл қысқан жоқ.
Жымиып күледі.
Күлемін.
Жалған сөз екенін білемін.
...Ел астым. Оқудың қызында
Жібіген сияқты: қыс – өмір тоны да.
Анама алыстан хат салып, соңынан
Қаражат жіберіп молынан
Шақырдым.
– Жоқ, балам, жат жерде қараң күн,
Бұлбұл да елінде сайрауға
жаралды.
Тордағы тотыдай мөлініп,
Бола алман тұтқыны қамалдың.
Осылай күн кешіп анашым
Туған жер – туған үй, панасы.
Өз қайғы, мұңымен қартайды,
Еске алып, адасқан баласын.
Кірпігі қимылдап жатқанда,
Ауруы жанына батқанда,
шақыртты. Мен келдім.
– Тәуірмін. Түрі гой ақталған.
Бұл соңғы сөзі еді өтірік,
Өкініш кернеді кеудемді, өкініш.
Жоғалттым, анамды мәңгіге.
Қу жалған дүние өкімі –
өкініш.
Ұмытпа, анадан!
Өтініш...

Зайра МАМЫРОВА

Меншік иесі:

СЫР
МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат
комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті
жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі,
деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі
ескерілген. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖПС сенімгерлік
басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында
басылды. Тел: 8(7242)40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына
хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3514 Тапсырыс №1224

Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН